



«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ



БЕКІТІЛГЕН

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ

Басқарма төрагасының шешімімен

Хаттама №

«29» 01 2016 ж.

Авиациялық қауіпсіздік саласындағы саясат

1. Кіріспе

Әуежайдың авиациялық қауіпсіздігі «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі — Қоғам) жарғысы қызметінің негізгі мәні болып табылады.

Қоғам әуежай қызметін халықаралық азаматтық авиация үйімі ИКАО (International Civil Aviation Organization) талаптарына, сондай-ақ технологиялық үдеріске тартылған және шарттық міндеттемелермен байланысты барлық тараптық үйымдардың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды, нормаларды, ережелер мен тәртіптерді қамтамасыз етуімен авиациялық қауіпсіздік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Жолаушылардың, әкипаждардың, жерде қызмет көрсететін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау авиациялық қауіпсіздік шаралар жүйесіндегі алдыңғы қатарлы басымдылығы болып табылады. Азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актіне байланысты күтпеген оқиғалар мен қауіптің алдын алу үшін Қоғам төтенше жағдайлар кезіндегі іс – әрекет жоспарды, тиісті үйымдық құрылымды жасайды және ұстанады, мемлекеттік органдармен өзара әрекетті қамтамасыз етеді.

2. Негізін қалаушы принциптер

Авиациялық қауіпсіздік мәдениетінің жоғарғы деңгейі мен қызметкерлердің хабардар болуы Қоғам негізгі принципі болып табылады.

Басқару жөніндегі негізгі басқару міндеттерінен басқа әр басшы үлгі бола отырып, авиациялық қауіпсіздікті жетілдіруге ықпал етеді.

Барлық деңгейдегі басшылық және қызметкерлер бірінші басшыдан бастап авиациялық авиациялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін жауп береді.

3. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кепілі:

- Міндеттерді білу және бөлу:** Қоғам барлық қызметкерлерді өhз лауазымдық міндеттері көлемінде авиациялық қауіпсіздік үдерістері туралы ақпараттандырылатынына кепілдік береміз. Авиациялық қауіпсіздік саласындағы жаңа талаптар немесе тәртіптік нұсқалар барлық мүдделі тараптарға уақытылы жеткізіледі және қол жетімді болады.
- Біліктілік кепілі:** барлық қызметкерлер өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес авиациялық қауіпсіздік жөніндегі оку мен қайта даярлау курсынан өтетін болады. Эр қызметте авиациялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жаупты тұлға тағайындалады.
- Авиациялық қауіпсіздік ережесін таратуға жағдай жасау:** ақпараттық шара көмегіменбіз авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ақпаратты жеткізіп қана қоймай Қоғам мен шараларын түсіну деңгейін көтереміз.
- Хабарламалар мәдениетіне жағдай жасау:** Авиациялық қауіпсіздікке байланысты оқиғалар мен сәйкесіздіктер туралы хабарламалар авиациялық қауіпсіздік жағдайын жетілдіру үшін пайдаланылатын болады.